




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


# САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық  
өнер университеті» РММ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША          НҮСҚАУЛЫҚ</b>	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім сапасының кепілдігі	5
3	Сапа саласындағы саясат	6
4	Сапа саласындағы мақсаттар	7
5	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту	15
6	Студенттерге орталықтанған оқыту және үлгерімді бағалау	18
7	Білім берушілерді қабылдау, оқу үлгерімі, жетістіктерді тану	20
8	Оқытушылық құрам	22
9	Білім беру ресурстары және білім берушілерді қолдау жүйесі	23
10	Ақпаратты басқару	24
11	Қоғамдастықты ақпараттандыру	24
12	Білім беру бағдарламаларына мониторинг және оларды бағалау	25
13	Сапаны сыртқы қамтамасыз ету	26
14	Қорытынды ережелер	26

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША          НҰСҚАУЛЫҚ</b>	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Сапаны қамтамасыз ету бойынша осы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) білім беру сапасын қамтамасыз ету процесін сипаттайды және білім беру сапасын арттыру бойынша іс-шаралардың негізгі ұстанымдарын және мазмұнын анықтайды.

1.2 Нұсқаулық келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 2015 ж. 14-15 мамырда Ереванда министрлер Конференциясында мақұлданған Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтарына;
- Халықаралық ИСО 9001 сериясының стандарттарына.

1.3 Университетте білім беру сапасының кепілдігі Университетте білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапа менеджменті жүйесін құрумен қамтамасыз етіледі.

1.4 Осы Нұсқаулықта МС ИСО 9000-2005 стандартына сәйкес келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1.1 кесте

### Терминдер мен анықтамалар

Термин	Анықтамасы
1	2
<i>Сапа</i>	өзіндік (телімді) қасиеттердің жиынтығының талаптарға сәйкес болу дәрежесі
<i>Сапаны жоспарлау</i>	білім беру сапасы бойынша стратегияны, саясатты және оған байланысты мақсаттар мен талаптарды қалыптастыруға бағытталған қызмет
<i>Сапаны қамтамасыз ету</i>	білім беру сапасына талаптар орындалатындай сенімділік құруға бағытталған сапа менеджментінің бөлігі



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ

1 нұсқасы:  
29.10.2021

**САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША  
НҮСҚАУЛЫҚ**

3 бет

<b>1</b>	<b>2</b>
<i>Сапаны басқару</i>	білім беру сапасына қойылатын талаптарды орындау үшін пайдаланылатын жедел сипаттағы қызметтің әдістері мен түрлері
<i>Сапаны жақсарту</i>	Университеттің білім беру сапасына қойылатын талаптарды орындау қабілетін жақсартуға бағытталған қызметі
<i>Білім беру сапасы</i>	біліктілікті және кәсіби сана-сезімді бірізді және іс жүзінде тиімді қалыптастыруды анықтайтын білім беру процесі сипаттамаларының кешені
<i>Сапаны бағалау</i>	сапаға қойылатын талаптардың орындалуының расталуы
<i>Әлеуеттің сапасы</i>	білім беру мақсатының сапасы, білім беру стандартының сапасы, білім беру бағдарламасының сапасы, білім беру процесінің материалдық-техникалық қорының сапасы, талапкерлердің сапасы, ақпараттық-әдістемелік қордың сапасы, т.б. сипаттамалармен бейнеленеді
<i>Тұлғалық біліктілік</i>	кәсіби құндылықты бағдарды, жетілген тұлғаның сана-сезімін, тұлғаның өнегелік-адамгершілік дамуын, кәсіби сәйкестігін, өзінің қызметіне жауапты болуын қалыптастыру, ұйымдастырушылық шеберлігін дамыту, т.б.
<i>Білім беру нәтижесінің сапасы</i>	кәсібилікті ұғыну, жеке қабілеттер мен ерекшеліктерді тани білу және іске асыру, жұмысқа орналастыру, мансап және жалақы, өзіндік білім алу әдістемесін игеру, білім, тәжірибелік дағдылар
<i>Білім беру процесінің сапасын басқару</i>	қызмет ету параметрлеріне және нәтижелердің тиісті талаптарға, нормалар мен стандарттарға барынша сәйкестігіне қол жеткізу мақсатында жалпы процеске және оның негізгі элементтеріне мақсатқа бағдарланған, кешенді, үйлесімді әсер ету
<i>Мониторинг</i>	белгілі өзекті көрсеткіштердің жиынтығын бейнелейтін, үздіксіз немесе кезеңді қайталанатын деректер жиынының көмегімен объектінің (жүйенің) шынайы жағдайын ұдайы қадағалау
<i>Кәсіби біліктілік</i>	жалпы білімдік, жалпы және мамандану бейініне сәйкес келетін арнайы кәсібилік

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	4 бет

<b>1</b>	<b>2</b>
<i>Әлеуметтік біліктілік</i>	белсенді азаматтық көзқарасты, саяси және әлеуметтік қоғамдық үрдістерде толыққанды бағдарлануды қалыптастыратын, тұлғаның сәйкес әлеуметтенуін қамтамасыз ететін білім, тәсілдер, дағдылар
<i>Ішкі бақылау</i>	Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің барлық қызметтерінің жағдайын тексеру, есепке алу және талдау жүйесі
<i>Өзара қатысу</i>	бақылау журналдарында қатысу нәтижесі туралы есепті келтірумен бақылау мақсатында сабақтарға қатысу

1.5 Білім беру қызметінің нәтижесі – негізгі өнім – келесі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды кәсіби дайындау:

- негізгі орта, жалпы орта білім (мектеп);
- техникалық және кәсіптік білім (колледж);
- жоғары білім (бакалавриат);
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, докторантура);
- қосымша білім (дайындық курстары, біліктілікті арттыру курстары).


1.6 Мамандарды дайындау Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сай ұйымдастырылады және өткізіледі.

1.7 Білім беру өнімінің (көрсетілетін қызметтің) тұтынушылары – білім алушылар мен тыңдаушылар – бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар Қазақстан Республикасының және басқа елдердің азаматтары, сондай-ақ, өнер мен мәдениет саласындағы мамандар.

1.8 Білім беру қызметінің тапсырыс берушілері:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ);
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (ҚР МСМ);
- Өнер және мәдениет мекемелері;
- Білім беру мекемелері;
- Ата-аналар және басқалар.

1.9 Сапа менеджменті жүйесі тұтынушылардың: білім алушылардың, жұмыс берушілердің, мемлекеттің және жалпы қоғамның қанағаттанушылығын арттыру мақсатында білімнің және басқа қызметтердің сапасын жақсарту бойынша Университеттің стратегиясын іске асыруға арналған.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.10.2021
	САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ	5 бет

## 2. БІЛІМ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛДІГІ

2.1 Заманауи жаһандандыру үрдістері жаңа мақсаттарға бағдарланған ұлттық жоғары кәсіби білім беру жүйелерінен ішкі нарықпен қатар сыртқы нарықтың да қажеттіліктерін ескеруді талап етеді. Жоғары білімнің халықаралықтандырылуы, халықаралық білім беру жүйелерінің біртіндеп жақындай түсуі орын алуда. Ұлғаю үстіндегі халықаралық байланыстар әлемдік білім беру стандарттары деңгейінде кәсіби білім алатын мамандарға қажеттілікті құрауда.

2.2 **Университеттің міндеті** – заманауи халықаралық талаптарға сәйкес сапалы білім беру қызметін ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының мәдениетін, өнері мен көркемөнер білімін дамыту үшін ұлттың тандаулы тұлғаларын дайындау.

2.3 **Университеттің сипаты:** Университет – үздіксіз білім беру үлгісі негізінде (мектеп-колледж-бакалавриат-магистратура-докторантура) мәдениет және өнер саласында білімпаз, бәсекеге қабілетті, биік зерделі мамандарды дайындаумен айналысатын Қазақстандағы шығармашылық бағыттағы ірі жоғары оқу орындарының бірі.

2.4 Университет өз алдына халықаралық заманауи талаптарға сәйкес білім беру сапасына кепілдік беру міндетін қояды.

2.5 Білім беру сапасы – Университет ұстаздарының, білім алушылардың және білім беру ортасының өзара әрекеттестігінің нәтижесі.

2.6 Сапа кепілдігі келесідей білім беру ортасын қамтамасыз етуі тиіс: Университеттің білім беру бағдарламаларының мазмұны, мүмкіндіктері мен құралдары сапа кепілдігінің мақсаттарына сәйкес болады.

2.7 Сапа кепілдігінің негізін қалаушы мақсаттары – есептілік және ұдайы жетілдіру. Осы мақсаттарға жету Университет қызметіне сенімді қалыптастыруға ықпал етеді.

2.8 Сапа кепілдігінің саясаты сапа кепілдігі жүйесін ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі.

Университетте 2.1 суретінде келтірілген сапаны басқару сұлбасы әрекет етеді.




2.1 сурет – Сапаны басқару сұлбасы

### 3 САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

3.1 Сапа саласындағы саясат Университеттің барлық бөлімшелерінің қатысуын қарастыратын, ішкі сапа кепілдігінің түрлі процестері мен шаралары арқылы іске асырылатын қызметінде көрініс береді.

3.2 Университеттің Сапа саласындағы саясаты қарастырады:

- білім беру жүйесін жетілдіруді, заманауи білім беру технологияларын енгізуді және дамытуды;
- мәдени-ағарту және шығармашылық қызметті және олардың білім беру процесімен бірігуін дамытуды;
- әлемдік білім беру кеңістігіне бірігуді, халықаралық мәдени, ғылыми және білім беру жобаларына қатысуды;
- тұратын жеріне және әлеуметтік жағдайына тәуелсіз түрде сапалы білімге қол жеткізуді;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	7 бет

- ұстаздың рөлінің маңыздылығын, бүкіл өмір бойы машықтары мен біліктілігін ұдайы арттыруға бағдарланған ұстаздардың біліктілігін сапалы арттыруды қамтамасыз етуді;
- білім алушыларды заманауи санитарлық нормаларға, қауіпсіздік және жарықтандыру стандарттарына сәйкес сапалы білім беру инфрақұрылымымен қамтамасыз етуді;
- білім мен ғылымды басқару және қаржыландыру тиімділігін арттыруды;
- тәрбие жұмысында жүйелі тәсілді, студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуды;
- Білім беру жүйесін цифрландыруды іске асыруды.

3.3 Университет заманауи әлемнің өзгеру үстіндегі талаптарын алдын ала білуге және серпін танытуға қабілетті жоғары кәсіпқой мамандарды дайындау үшін кәсіптік білім беруде жаңа тәсілдерді іске асыру бойынша күшін жұмылдырады.

3.4 Сапа саласындағы саясатты іске асыру мақсатында Университет кәсіптік білім беру және бүкіл әлемнен студенттерді, оқытушылар мен зерттеушілерді тарту үшін әлемдік мәртебелі халықаралық университет болуға ұмтылады.

3.5 Сапа саласындағы саясатты іске асыру үшін даму басымдықтары:

- 1) Сапалы білімге қол жетімдікті қамтамасыз ету;
- 2) Мәдениет пен өнер саласында жоғары кәсіпқой мамандарды тәрбиелеу және оқыту жолында ұстаздардың рөлін арттыру;
- 3) Университет ұстаздары мен білім алушыларының ғылыми-зерттеу қызметінің тиімділігін арттыру;
- 4) Университеттің халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігімен бірігуі;
- 5) Университеттің ресурстық әлеуетін дамыту;
- 6) Тиімді менеджментті ұйымдастыру және корпоративтік басқару ұстанымдарын енгізу;
- 7) «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қызметті цифрландыру;
- 8) Мәдениет пен өнер саласында жас кәсіпқой мамандарды тәрбиелеу және еңбекке тарту.


## **4 САПА САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР**

4.1 Мақсаты: Ұлттық және халықаралық талаптарға сәйкес заманауи оқу нысандарында білім беру процесін іске асыру және дамыту.

4.1.1 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін нысаналық индикаторлар:

- Университеттің Болондық процестің негізгі параметрлеріне сәйкес қызмет етуі;



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	8 бет

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде заманауи технологиялар негізінде оқу сапасы мен қолжетімдігін арттыру.

4.1.2 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін міндеттер мен оларға қол жеткізу көрсеткіштері анықталған (4.1 кесте).

4.1 кесте

№	Міндеттер	Көрсеткіштер
1	Болондық процестің негізгі талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету	1) Білім алушылардың және оқытушылардың академиялық ұтқырлығы; 2) Білім алушылардың және жұмыс берушілердің білім беру процесін бақылауға белсенді қатысуы; 3) Білім беру бағдарламаларының жұмыс берушілерде сұранысқа ие болатын кәсіби және әлеуметтік дағдыларды ұсынуды көздеуі
2	Білім беру саласында қолжетімдікпен теңдікті қамтамасыз ету	1) Дәстүрлі оқыту нысанымен қатар қашықтықтан оқытуды енгізу; 2) Халықтың әлжуаз топтарынан жастарға білім беру қызметтеріне қолжетімдік беру; 3) Инклюзивтік білім беру үшін жағдай жасау; 4) «Бүкіл өмір бойы оқу» қолжетімді үлгісін іске асыру; 5) Формальды және формальды емес білімнің нәтижелерін мойындау
3	Білім сапасын арттыру	1) Білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету және білімнің келесі деңгейінде ұқсас мамандықтар бойынша оқыту нәтижелерін және кредиттерді қайта жатқызып, есепке алу; 2) Университет қызметінің барлық кезеңінде академиялық адалдық ұстанымдарын қадағалау; 3) Білім алушылардың жеке даму ерекшеліктерін ескеретін инновациялық бағдарламалардың болуы; 4) Білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының заманауи талаптарына бейімдеу мақсатында жұмыс берушілерді оқу процесіне тарту

4.2 Мақсаты: Ұлттық және халықаралық талаптарға сәйкес педагогикалық мамандардың кәсіби құрамын жақсарту.

4.2.1 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін нысаналық индикаторлар:


- Оқытушылық қызметке меншікті мамандарды дайындау;
- Білім беру процесінің сапасы үшін ұстаздардың жауапкершілігін арттыру;
- Мәдениет және өнер саласындағы мамандарды қайта дайындау және біліктілігін арттыру жүйесінде білім беру тиімділігін қамтамасыз ету.

4.2.2 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін міндеттер мен оларға қол жеткізу көрсеткіштері анықталған (4.2 кесте).



4.2 кесте

№	Міндеттер	Көрсеткіштер
1	Магистрлар мен PhD докторларын дайындау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесін дамыту	1) Жаңа мамандықтар (білім беру бағдарламалары) бойынша магистранттар мен докторанттарды дайындауға лицензия алу; 2) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар санын ұлғайту; 3) Докторантураны бітірудің бірінші жылында қорғауға шығатын докторанттар санын ұлғайту
2	Оқытушылардың / ұстаздардың сабақ өткізуге дайындық сапасын арттыру	1) Университет оқытушылары / ұстаздары жариялаған әдістемелік әдебиет санын ұлғайту; 2) Әзірленген және оқу процесіне енгізілген авторлық курстардың санын ұлғайту; 3) Оқытушылардың / ұстаздардың оқу процесінде қолданылатын электрондық оқулықтар санын ұлғайту; 4) Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтар мен оқу құралдарының санын ұлғайту
3	Оқытушылардың кәсіби деңгейін арттыру	1) Штатта академиялық дәрежесі, ғылыми және құрметті атақтары бар оқытушылардың / ұстаздардың үлесін арттыру; 2) Оқытушылардың штаттық құрамындағы магистрлердің үлесін арттыру; 3) Мемлекеттік марапаттары, сыйлықтары, гранттары бар штаттағы оқытушылардың / ұстаздардың үлесін арттыру; 4) Шет тілдерін меңгерген оқытушылардың / ұстаздардың үлесін арттыру; 5) Түрлі конкурстардың, олимпиадалардың, фестивальдердің жеңімпазы атанған тәрбиеленушілері бар оқытушылардың / ұстаздардың үлесін арттыру; 6) Педагогикалық шеберлік бойынша санатқа аттестаттаудан өткен ұстаздардың санын арттыру
4	Корпоративтік мәдениетті және ішкі бәсекелі органы құру	1) Оқытушылардың / ұстаздардың еңбегінің нәтижелілігін ынталандыру жүйесін енгізу; 2) Оқытушылардың / ұстаздардың қызметін бағалау және өзін-өзі бағалау жүйесін енгізу; 3) Конкурстық лауазымдарға сайланудың ашық рәсімінің болуы
5	Біліктілікті арттыру және қайта дайындау	1) Қазақстанда біліктілікті арттырудан өткен педагогикалық мамандар санын арттыру; 2) Шетелде біліктілікті арттырудан өткен педагогикалық мамандар санын арттыру; 3) Докторантурада және магистратурада оқитын оқытушылардың / ұстаздардың санын арттыру; 4) Біліктілікті арттыру бойынша курстарды ұйымдастыру;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	10 бет

	5) Мәдениет және өнер саласы үшін педагогикалық мамандарды қайта дайындауды өткізу.
--	---

4.3 Мақсаты: Білім, мәдениет және өнер саласында ғылыми-зерттеу қызметін дамыту және оның тиімділігін арттыру.


4.3.1 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін нысаналық индикаторлар:

- Гранттық ғылыми жобаларға қатысу;
- Университет оқытушыларының жарияланымдарының сапасын арттыру;
- Білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесіне заманауи инновациялық технологияларды енгізу.

3.3.2 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін міндеттер мен оларға қол жеткізу көрсеткіштері анықталған (4.3 кесте).

4.3 кесте

№	Міндеттер	Көрсеткіштер
1	Ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу	1) Жақын және алыс шетелде ғылыми тағылымдамадан өткен оқытушылардың үлесін арттыру; 2) Өнер және мәдениет саласында ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу; 2) Өнер және мәдениет саласының өзекті мәселелері бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу
2	Ғылыми қызметтің басым салаларын анықтау	1) Университеттің ғылыми қызметпен айналысатын құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми зерттеу бағыттарын қалыптастыруы; 2) Бітіруші кафедралардың ғылыми зерттеу бағыттарына сәйкес магистранттар мен докторанттардың зерттеулер тақырыптарын таңдауы
3	Университет оқытушыларының жарияланымдарының сапасын арттыру	1) Халықаралық рейтингілі ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар санын арттыру; 2) ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынған ғылыми журналдарда жарияланымдар санын арттыру; 3) Университеттің «Еуразиялық ғылым мен өнер» ғылыми журналында ғылыми мақалалар жариялайтын профессорлық-оқытушылық құрамының санын арттыру 4) «Еуразиялық ғылым мен өнер» ғылыми журналын ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынған ғылыми журналдар тізіміне енгізу
4	Білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту	1) Ғылыми-зерттеу жұмысына (студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары) қатысатын білім алушылар санын арттыру;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӘНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	11 бет

	2) Білім алушылардың жарияланымдар санын арттыру; 3) Ғылыми конференцияларда қатысатын білім алушылардың санын арттыру; 4) Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында қатысатын білім алушылардың санын арттыру.
--	---

4.4 Мақсаты: Әлемнің кез келген елінде жұмыс істеуге қабілетті, бәсекеге сай мамандарды оқыту үшін бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру.


4.4.1 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін нысаналық индикаторлар:

- Халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестік;
- Отандық білім беру ортасының тартымдылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесінде шетелдік білім алушыларға оқудың сапасы мен қолжетімдігін арттыру.

4.4.2 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін міндеттер мен оларға қол жеткізу көрсеткіштері анықталған (4.4 кесте).

4.4 кесте

№	Міндеттер	Көрсеткіштер
1	Халықаралық аккредитациядан өту	1) Аккредитациядан өткен білім беру бағдарламаларының санын ұлғайту; 2) Университеттің Қазақстан жоғары оқу орындарының / колледждерінің ұлттық рейтингінде алатын орнын жоғарылату; 3) Ұлттық рейтингтің қорытындылары бойынша үздік үштікке кіретін білім беру бағдарламаларының санын ұлғайту
2	Әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен серіктестік қарым-қатынас орнату	1) Әлемнің университеттерімен, ғылыми және шығармашылық ұйымдарымен шарттарға, меморандумдарға қол қою; 2) Оқытушылардың әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен өзара ғылыми-педагогикалық тағылымдамаларын өткізу; 3) Университеттегі білім беру қызметіне әлемдік алдыңғы қатарлы ғалымдар мен мамандарды тарту
3	Халықаралық ғылыми-ағарту, шығармашылық іс-шараларды өткізу	1) Ғылым мен білім мәселелері бойынша халықаралық ғылыми конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, семинарларды өткізу; 2) Халықаралық конкурстарды, фестивальдерді және басқа шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыру; 3) Шеберлік сағаттарын, жазғы мектептерді және басқа оқыту іс-шараларын өткізу
4	Бірлескен білім беру қызметі	1) Қос дипломдық оқытуды енгізуге арналған білім беру бағдарламаларын мақұлдастыру; 2) Шет тілдерінде берілетін пәндер санын ұлғайту; 3) Білім алушылармен алмасуды ұйымдастыру (кредиттік ұтқырлық)

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	12 бет

5	Отандық білім беру ортасының тартымдылығын арттыру	1) Алдыңғы қатарлы әлемдік және отандық мамандарды оқытушылық қызметке тарту; 2) Шет елдік студенттердің оқуы және тұруы үшін жайлы жағдай жасау
---	--	---

4.5 Мақсаты: Материалдық-техникалық қорды және қаржылық қамтамасыз етуді дамыту.

4.5.1 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін нысаналық индикаторлар – білім беру процесін және ғылыми-инновациялық қызметті материалдық және техникалық қамтамасыз ету.

4.5.2 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін міндеттер мен оларға қол жеткізу көрсеткіштері анықталған (4.5 кесте).

4.5 кесте


№	Міндеттер	Көрсеткіштер
1	Оқу үшін оңтайлы жағдайды және ортаны жасау	1) Заманауи санитарлық нормаларды, қауіпсіздік стандарттарын, жарақтандыруды және жайлылықты ескерумен жаңа оқу корпусының құрылысы; 2) Сапалы шығармашылық жағдай жасау және барлық білім беру деңгейлерінің (мектеп-колледж-университет) өзара байланысы үшін барлық білім беру деңгейлерін бір аумақта (кампуса) орналастыру; 3) Отандық және шетелдік білім алушылардың тұруы үшін жайлы жатақхана құрылысы; 4) Қазақстанның әр облысынан балаларды қамтуды қамтамасыз ету үшін интернаттағы орындарды ұлғайту
2	Білім беру процесін аудиториялық қормен қамтамасыз ету	1) Оқу корпустарының ауданын ұлғайту; 2) Оқуға арналған және қосымша бөлмелердің ауданын ұлғайту
3	Оқуға арналған және мамандандырылған құрал-жабдықпен қамтамасыз ету	1) Оқу жиһазын және мамандандырылған құрал-жабдықты сатып алуға қаржы шығынын ұлғайту; 2) Оқу пәндерінің компьютерлік техникамен және мультимедиялық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілуін арттыру

4.6 Мақсаты: Тиімді менеджментті ұйымдастыру, корпоративтік басқару ұстанымдарын және білім беру процесінің сапасын ішкі басқару жүйесін енгізу.

4.6.1 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін нысаналық индикаторлар:

- Білім беру қызметінің сапа менеджментінің тиімді жүйесін дамыту;
- Білім беру процесін ұйымдастыруға бағытталған Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу;
- Университет қызметін корпоративтік басқару жүйесін дамыту.

4.6.2 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін міндеттер мен оларға қол жеткізу көрсеткіштері анықталған (4.6 кесте).

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	13 бет

4.6 кесте

№	Міндеттер	Көрсеткіштер
1	Тиімді сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) дамыту	1) Сапа менеджменті жүйесінің құралдарын енгізу; 2) Университет құрылымдық бөлімшелері тұрғысында білім беру процесінің мониторингі; 3) Жыл сайынғы сауалнама өткізу көмегімен тұтынушылармен кері байланысты ұйымдастыру; 4) Жыл сайынғы СМЖ ішкі аудитін өткізу
2	Оқу процесін қажетті нормативтік құқықтық құжаттармен қамтамасыз ету	1) Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу және бекіту; 2) Университет сайтында нормативтік-құқықтық құжаттардың қолжетімдігі
3	Университет қызметін корпоративтік басқару жүйесін ұйымдастыру	1) Білім беру қызметін басқару мәселелері бойынша алқалы кеңестерді құру
4	Білім беру қызметтерінің сапасын арттыруды бағалау	1) Білім беру қызметін өзін-өзі аттестаттауды өткізу; 2) Ұлттық институционалдық аккредитациядан өту; 3) Университет білім беру бағдарламаларының халықаралық мамандандырылған аккредитациясын өткізу; 4) Білім беру бағдарламаларының рейтингтеріне қатысу.

4.7 Мақсаты: білім беру қызметтеріне цифрлық қолжетімдікті қамтамасыз ету және білім беру процесін басқарудың ашықтығына қол жеткізу.


4.7.1 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін нысаналық индикаторлар:

- Цифрлық теңсіздікті жою, сапалы байланыс мүмкіндігіне қолжетімдікті қамтамасыз ету;
- Цифрлық білім беру сапасын арттыру;
- Жемқорлықпен күрес құралы ретінде білім беру процестерінің ашықтығын арттыру;
- Университеттің ашықтығын ұлғайту.

4.7.2 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін міндеттер мен оларға қол жеткізу көрсеткіштері анықталған (4.7 кесте).

4.7 кесте

№	Міндеттер	Көрсеткіштер
1	Сапалы байланыс мүмкіндігіне қолжетімдікті қамтамасыз ету	1) Оқу ғимараттарын және білім алушылар тұратын орындарды жылдамдығы, кемінде, 50 МГб/сек және шектеусіз трафикті Интернетпен (ғаламтормен) компьютерлік жарақтандыру; 2) Оқытушы мен білім алушы арасында қарым-қатынас пен кері байланыстың жаңа арналарына қолжетімдікпен цифрлық білім беру ортасын енгізу; 3) Барлық оқу деңгейлерінің білім беру бағдарламаларына цифрлық біліктіліктерді енгізу

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	14 бет

2	Сапалы білім беру контентін ұйымдастыру үшін электрондық қорды құру	1) Шығармашылық мамандықта білім алушыларды онлайн (қашықтықтан) оқыту платформасын құру; 2) Platonus автоматтандырылған жүйесін дамыту; 3) Мамандандырылған электрондық әдебиет кітапханасын құру; 4) Электрондық оқу материалдарының санын ұлғайту; 5) Университет мамандықтарын қажетті компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету
3	Білім беру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету	1) Білім беру қызметінің мәселелері бойынша алқалы органдардың жұмысын тікелей эфирде трансляциялау үшін ақпараттық порталды дамыту; 2) Университеттің ресми сайты дамыту; 3) Университет қызметі туралы ақпараттандыру үшін әлеуметтік желілерді белсенді пайдалану.

4.8 Мақсаты: Мәдениет, өнер, көркемөнер білімі салаларындағы кәсіби қызметінде өздігінше шешім қабылдауға қабілетті, тұлғалық қасиеттері жоғары мамандарды дайындау және оларды әлеуметтік қорғауды күшейту.


4.8.1 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін нысаналық индикаторлар:

- Студенттік өзін-өзі бақылау жүйесін дамыту;
- Сыбайлас жемқорлық, академиялық адалдықты бұзу көріністеріне жол бермейтін жастарды тәрбиелеу;
- Білім алушылардың әлеуметтік қорғалғандығы;
- Түлектерді жұмысқа орналастыру.

4.8.2 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін міндеттер мен оларға қол жеткізу көрсеткіштері анықталған (4.8 кесте).

4.8 кесте

№	Міндеттер	Көрсеткіштер
1	Студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту	1) Студенттік парламентті құру және дамыту; 2) Университетте білім беру процесін іске асыруға жастардың белсенді қатысуы; 3) Жастардың белсенді азаматтық көзқарасын тәрбиелеу
2	Тәрбие жұмысының жүйелі және кешенді тәсілі	1) Білім алушыларды оқу кезеңі бойы ағартушылық-шығармашылық қызметке тарту; 2) Білім алушылардың еріктілік (волонтерлік) жұмысын белсендіру; 3) Патриоттық сезімді тәрбиелеу
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тәсілдерін тиімді іске асыру	1) Білім алушылардың Университет басшылығымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы органмен кері байланысын қамтамасыз ету; 2) Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке қатысуы; 3) Білім алушылардың оқу процесін тиімді ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысуы;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	15 бет

		4) Университеттің Академиялық адалдық Лигасына кіруі
4	Білім алушылардың әлеуметтік мәселелерін шешу үшін қолданыстағы ресурстарды ұтымды пайдалану	1) Университет білім алушылары мен жас ғалымдары үшін заманауи жайлы жатақханалар құрылысы; 2) Білім алушылар демалысы мәселелерін шешу, қызығушылықтар бойынша клубтарды құру; 3) Білім алушыларды материалдық қолдауға бөлінетін қаржыны ұлғайту
5	Мамандарды жұмыс берушілердің (мәдениет және өнер мекемелері, білім беру мекемелері) тапсырыстары бойынша дайындау	1) Мамандарға қажеттілікті қалыптастыру үшін мәдениет, білім беру мекемелерінде кәсіби бағдарлық жұмыс; 2) Жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша білім алушылар санын ұлғайту 3) Электрондық еңбек биржасын құру және дамыту.

## **5 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ**

5.1 Білім беру бағдарламасы (БББ) – білім беру процесінің негізгі сипаттамаларын: оқыту мақсатын, нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оны іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын бейнелейтін оқу-әдістемелік құжаттамалар кешені.

5.2 Университетте білім беру бағдарламалары (БББ) үш білім беру деңгейі бойынша іске асырылады – бакалавриат, магистратура, докторантура.

5.3 Білім беру бағдарламасын әзірлеу – оқыту нәтижелерін және тиісті еңбек шығынын, оқу қызметінің түрлерін, оқыту әдістерін және бағалау рәсімдерін/өлшемшарттарын көрсетумен білім беру бағдарламасын және оның құрамбөліктерін жоспарлау.

5.4 БББ күтілетін оқыту нәтижелерін қоса, белгіленген мақсаттарға сәйкес әзірленуі тиіс. Бағдарламаны игеру нәтижесінде алынатын біліктілік нақты анықталуы және түсіндірілуі тиіс, және Ұлттық біліктілік шеңберінің белгілі деңгейіне сәйкес болуы тиіс.


5.5 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу келесілерге негізделеді:

- Ұлттық біліктілік (квалификация) шеңбері;
- Тиісті білім деңгейіндегі Дублиндік сипаттауыштар;
- Салалық біліктілік шеңбері;
- Кәсіптік стандарттар;
- Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар;
- Халықаралық аккредитациялау ұйымдарының талаптары.

5.5 Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеу төрт кезеңнен тұрады:

- Әзірлеуге дайындық;



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	16 бет

- БББ жобалау;
- Құрылымдық элементтерді егжей-тегжейлеу;
- Жобаланатын БББ сапасын бағалау.

5.6 Дайындық кезеңінде Университет дайындық бағыттарының тізбесін анықтайды. Бұл үшін:

- Еңбек нарығындағы ағымдағы және болашақ қажеттіліктер анықталады;
- мамандарды дайындау нарығын, оның бәсекеге қабілетін талдау өткізіледі;
- Университеттің мүмкіндіктерін – мамандар ресурсын, материалдық-техникалық, ақпараттық, қаржылық ресурстарын талдау өткізіледі.

5.7 Білім беру бағдарламаларын жобалау кезеңінде өткізіледі:

- бітірушінің кәсіби қызметінің саласын зерттеу;
- БББ сәйкес қызмет саласына тән біліктіліктерді және оларды игеру деңгейін анықтау;
- бағдарламаны оқыту нәтижелерін қалыптастыру;
- біліктіліктердің, оқыту нәтижелері мен бағалау өлшемшарттарының өзара байланысын анықтау;
- оқыту әдістерін, оқыту және сабақ беру технологияларын, білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуін бағалау тәсілдерін анықтау;
- ресурстарға қажеттілікті анықтау.

5.8 БББ білім алушыларға біліктіліктерді игеру мүмкіндіктерін беруге және оқу процесіне қатысу арқылы білім мен дағдыларды қолдануға, өздерінің оқуларына жауапкершілік танытуға бағытталған.


5.9 Білім беру бағдарламаларын оқу нәтижесінде иеленген біліктіліктер келесі мүмкіндіктерді беруі тиіс:

- Кәсіптік қызметті тиімді іске асыру;
- Оқуға бейім болу және жаңа міндеттерге шығармашылық қарым-қатынас көрсету;
- Пәнаралық сабақтарда тиімді жұмыс істеу;
- Жаңашыл көзқараста болу және тұжырымдамалы жобаларды және туындыларды жасау;
- Кәсіптік міндеттерді шешу үшін өзара түсіністік түрлерін таба білу.

5.10 Оқыту нәтижелерінің оларға қол жеткізушілікті бағалау өлшемшарттары бар болуы және өлшенетін болуы тиіс.

5.11 Біліктілік арқылы бейнеленетін оқыту нәтижелері келесі негізгі топтарға бөлінеді:

- Білім – оқыту арқылы ақпаратты игеру нәтижесі;
- Шеберлік – міндеттер мен мәселелерді шешу үшін білімді қолданудағы расталған қабілеттер;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША          НҰСҚАУЛЫҚ</b>	17 бет

- Дағдылар – кәсіби немесе басқа қызмет саласында міндеттерді табысты шешудегі тұрақты шеберлік.

5.10 БББ құрылымдық элементтерін егжей-тегжейлеу кезеңінде БББ атауы мен мақсаты тұжырымдалады, БББ мазмұны жобаланады және оқыту стратегиясы анықталады.

5.11 Университеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеуде білім алушылар, профессорлық-оқытушылық құрам, жұмыс берушілер және басқа мүдделі тұлғалар қатысады.

5.12 Білім беру бағдарламалары келесілерді ескерумен әзірленеді:

- Таңдалған мамандық бойынша білім алушылардың кәсіптік біліктіліктерін талдау негізінде қорытынды мемлекеттік емтиханды тапсыру және білікті бітіру жұмысын қорғау кезіндегі мемлекеттік аттестациялық комиссиялардың ұсыныстары;
- Білім беру бағдарламаларына жұмыс берушілердің сараптамалық қорытындылары;
- Еңбек нарығындағы қажеттілік.

5.13 БББ жобалау және бекіту рәсімдеріне талаптар Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша нұсқаулықпен анықталады.

5.14 БББ әзірлеу және іске асыру бітіруші кафедраларға тапсырылған. БББ мазмұнының сапасына жауапкершілік кафедра меңгерушісіне жүктеледі.


5.15 Университет БББ ұдайы мониторингтен өткізіледі, ол сапаны ішкі және сыртқы сараптамалық бағалауда көрініс береді. БББ сапасын сыртқы бағалаудың тиімді тәсілдерінің бірі – халықаралық аккредитация талаптарына сәйкестік.

5.16 Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау келесі параметрлердің негізінде өткізіледі:

- оқыту нәтижесіне толыққанды қол жеткізу үшін қажетті академиялық кредиттердің жеткілікті көлемін анықтау;
- білім алушылардың білімі мен шеберлігін бағалау шараларының шынайылығы, бағалаудың айқын және негізделген өлшемшарттарының болуы;
- педагогикалық құрамның сапасы мен біліктілігі;
- оқу процесі барысында білім алушылардың қызметтерінің түрлерінің әзірленген оқыту нәтижелеріне сәйкестігі;
- аталған БББ еңбек нарығында сұранысқа ие болуы.

5.17 БББ Сапаны қамтамасыз ету бойынша комиссиямен талқыланады, оның құрамында факультет деканының / «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және Арт-менеджмент» кафедрасы меңгерушісінің жетекшілік етуімен білім алушылар, ұстаздар және жұмыс берушілер болады.

5.18 Жұмыс берушілермен мақұлданған БББ Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен қарастырылады және бекітуге ұсынылады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША          НҰСҚАУЛЫҚ</b>	18 бет

5.19 Оқу-әдістемелік кеңес ұсынған БББ бекіту үшін Оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы – оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен Университеттің ғылыми кеңесіне ұсынылады.

5.20 Университет бекітілген БББ Төлқұжатын немесе оның жаңартылуын БББ Реестріне енгізу мақсатында «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының реестрі» (бұдан әрі – БББ реестрі) ақпараттық жүйесіне онлайн өтінім береді.

БББ Реестрі – ақпараттық жүйе, оған Қазақстан Республикасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдарында әзірленген және Болондық процесс пен академиялық ұтқырлық Орталығы ұйымдастырған тәуелсіз сыртқы сараптамадан табысты өткен білім беру бағдарламаларының тізбесі кіреді.

5.21 Тәуелсіз сыртқы сарапшылардың ескертулері және ұсыныстары болған кезде БББ қажетті түзетулер енгізіледі, және ол Университеттің Ғылыми кеңесімен қайтадан қарастырылуы тиіс.

5.22 БББ бойынша Университете оқыту шарты – оның БББ Реестріне енгізілуі.


## **6 СТУДЕНТТЕРГЕ ОРТАЛЫҚТАНҒАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҮЛГЕРІМДІ БАҒАЛАУ**

6.1 Университетте студенттерге орталықтанған оқыту білім алушының сабақ берудің/оқытудың ортасында болуы және оқыту мен шешім қабылдау процесінің белсенді қатысушысы болуы тиістігін қарастырады.

6.2 Студенттерге орталықтанған оқыту білім алушының оқу процесіне қатысуын, ынталануын арттыруда, сондай-ақ, білім алушының өзін-өзі қабылдауында және тануында маңызды рөл атқарады.

6.3 Студенттерге орталықтанған оқытудың ұстанымы келесілерде көрініс береді:

- Студенттердің әр түрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрметтеуде және назар аударуда;
- Сабақ берудің түрлі тәсілдерін, түрлі педагогикалық әдістерді пайдалануда;
- Оқытушының және білім алушының өзара құрметтестігін нығайтуда;
- Оқытушының тарапынан тиісті жетекшілік ету және көмек көрсету қатар орындалуымен білім алушының өздігінше оқуын қолдауда;
- Ұстаздардың қызметін бағалауда кері байланыстың болуында, білім алушылардың шағымы кезінде олардың мінез-құлығын уақытылы түзетуде.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	19 бет

6.4 Университетте білім алушылардың білімін бағалау үшін сапа кепілдігінің шаралары қамтамасыз етеді:

- Білім алушылардың білімін сауатты және дәл бағалауға, тестілеуге және тексеруге мүмкіндік беретін ұстаздардың біліктілігін;
- Бағалау өлшемшарттарымен және әдістерімен алдын ала танысуды;
- Бағалау ережелерінде жеңілдететін мән-жайды ескеруді;
- Білім беру процесі бойынша кеңес беретін қажетті әдістемелік материалдардың болуын;
- Оқытудың жоспарланған нәтижелеріне білім алушының қол жеткізу деңгейіне қатысты алғанда нәтижелерді бағалауды;
- Белгіленген ережелерге сәйкес барлық білім алушылардың нәтижелерін ақиқат бағалауды;
- Білімді алқалы бағалау мүмкіндігін;
- Апелляция рәсімінің болуын.


6.2 Білім беру сапасы жүйесін қамтамасыз етудің негізгі құрамбөліктерінің бірі - білім алушыларды Университетті басқаруға тарту (студенттік өзін-өзі басқару).

6.3 Студенттік өзін-өзі басқару тәрбие жұмысы және жастар істері жөніндегі бөлім бағдар беретін Студенттік парламент арқылы іске асырылады.

6.4 Студенттік парламент келесі мақсаттарда құрылған:

- білім алушыларды Университетті басқаруға қатысу құқығын іске асыруға тарту, білім беру процесінің сапасын бағалау;
- білім алушылардың саналылығын арттыруға, олардың өз білімінің және академиялық адалдығының деңгейіне талаптылығына бағытталған жұмысты өткізу;
- білім алушылардың азаматтық мәдениетін және патриоттық сезімін, өмірлік белсенді көзқарасын қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуінің дамуына, дербестігіне, өзін-өзі ұйымдастыру және дамыту қабілетіне ықпал ету;
- студенттік қауымның шығармашылық және кәсіби мүдделерін ескерумен білім беру процесінің сапасын арттыру бойынша Университеттің басқару органдарына ұсыныстарды дайындау және енгізу;
- сайт және басқа ақпарат арналары мен құралдары арқылы Университет өмірінің барлық жақтарында жариялылықты қамтамасыз ету;
- әлеуметтік маңызды студенттік бастамаларды қолдау және дамыту, студенттік қауымның дәстүрлерін сақтау және дамыту.

6.5 Білім алушылардың өкілдері Университеттің ғылыми кеңесінің, оқу-әдістемелік кеңесінің, академиялық сапа бойынша кеңесінің, әлеуметтік-тәртіптік комиссиясының және басқа алқалы органдарының құрамына кіреді.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША          НҰСҚАУЛЫҚ</b>	20 бет

6.6 Білім алушыларды Университеттің қызметінің барлық түрлері мен үрдістеріне белсенді қатысуға тарту Университеттің қызмет етуінің әлсіз және күшті жақтары туралы белгі беруімен қатар білім алушылардың өздерінің де ішкі әлеуетін тиімдірек ашу үшін тәсілдерді толығымен пайдалануға мүмкіндік береді.

6.7 Білім алушылар олардың білім беру процесіне қанағаттанушылығын анықтау мақсатында Университетте жыл сайын өткізілетін әлеуметтік зерттеулерге қатысады. Білім алушыларға өздерінің ұсыныстары мен тілектерін енгізу үшін кең мүмкіндіктер берілген.

6.8 Сұрастыру қорытындылары Сапаны қамтамасыз ету бойынша комиссияларда мұқият талданады, Академиялық сапа бойынша кеңестің, Ғылыми кеңестің жиналыстарында қарастырылады және қажет болса, білім беру сапасын жақсарту бойынша нақты түзету шаралары қабылданады.

## **7 БІЛІМ БЕРУШІЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ОҚУ ҮЛГЕРІМІ, ЖЕТІСТІКТЕРДІ ТАНУ**

7.1 Университетте оқуға азаматтарды қабылдау және тіркеу бастауыш, негізгі орта (мамандандырылған мектеп-интернат), жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасына сәйкес бекітілген Үлгілік Қағидаларына сай іске асырылады.

7.2 Білім алушыларды қабылдау Университеттің келесі ішкі нормативтік құжаттарына сай іске асырылады:


- Бакалавриатқа қабылдау туралы Ереже;
- Магистратураға қабылдау туралы Ереже;
- Докторантураға қабылдау туралы Ереже.

Білім алушыларды қабылдаудың өлшемшарттары Университеттің ресми сайтында жарияланады.

7.3 Білім алушыларды мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқытуға қабылдау бірыңғай ұлттық тестілеудің, кешенді тестілеудің және Университетте қабылданатын шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша конкурстық негізде өткізіледі.

7.4 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін Университет ректорының шешімімен қабылдау емтихандары кезінде емтихан комиссиялары құрылады.

7.5 Шығармашылық емтихандарды өткізу нысандары білім беру бағдарламаларының әрбір тобы бойынша оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес анықталады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША          НҰСҚАУЛЫҚ</b>	21 бет

7.6 Әрбір шығармашылық емтиханға талаптар, бағалардың өлшемшарттары кафедралардың жиналыстарында талқыланады және Ғылыми кеңесте бекітіледі.

7.7 Оқудың бірінші айында бейімдеу аптасы ұйымдастырылады, оның барысында жаңа білім алушыларды Университетпен, оқу процесінің қағидаларымен және талаптарымен таныстырады.

7.8 Білім алушылардың БББ игеру сапасын бағалау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестацияны өткізудің Үлгілік қағидаларына сәйкес ұйымдастырылады.

7.9 Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру үшін білімді тексерудің келесі нысандары қарастырылған:

- Ағымдағы бақылау;
- Шектік бақылау;
- Қорытынды бақылау.

7.10 Ағымдағы бақылау – білім алушылардың оқудағы жетістіктерін жүйелі бақылау.

7.11 Шектік бақылау – оқу пәнінің академиялық кезеңнің жартысында өткен тақырыптары бойынша іске асырылатын білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру.

7.12 Қорытынды бақылау әрбір оқу пәнін (аралық бақылау) немесе барлық БББ тұтас оқуды (білікті бітіру жұмысы) аяқтағаннан кейін өткізіледі.

7.13 Білім алушылардың оқудағы жетістіктері (білімі, шеберлігі, дағдылары мен біліктілігі) 100 балдық жүйе бойынша балмен және 4 балдық жүйе бойынша сандық баламасына сәйкес келетін А-дан Х әрпіне дейінгі әріптік жүйеде бағаланады.

7.14 Оң бағаларға: А, А - «үздік»; В+, В, В-, С+ «жақсы»; С, С-, D+, D, D- «қанағаттанарлық», теріс бағаларға: FХ және F «қанағаттанарлықсыз» бағалары жатқызылады.


Әр түрлі бағалау жүйелерінің қатынасы 7.1 кестеде берілген.

7.15 Аралық аттестацияның нәтижелері және оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар кафедралардың, деканаттардың жиналыстарына, Университеттің Ғылыми кеңесінің талқылауына беріледі.

7.16 Аралық аттестацияның нәтижелері бойынша үлгерімнің орташа балы есептеледі (GPA), ол білім алушының академиялық жетістіктерінің деңгейін сипаттайды.

7.17 GPA келесілерде өлшемшарт болады:

- курстан курсқа көшкенде;
- бос білім беру грантын тағайындауда;
- білім алушының ұтқырлығында;
- жоғарылатылған шәкіртақы тағайындауда;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	22 бет

- атаулы шәкіртақы тағайындауда.

7.1 кесте

### Балды-рейтингті әріптік жүйе

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Цифрлық баламасы	Пайыздық мөлшері	Дәстүрлі бойынша бағалау жүйе
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлық ыз
F	0	0-24	


7.18 Бір білім беру мекемесінен басқасына ауысқан кезде Университет алдыңғы оқытудың нәтижелерін мойындайды. Оқу жоспары пәндерінің айырмашылығы бес пәннен аспайтын болса, оның ішіндегі екі-үш пән міндетті компонентке тән, білім алушының сол курста оқуға құқығы бар. Осы айырмашылық белгіленген мерзімде тапсырылады, олай болмаған жағдайда бұл айырмашылық академиялық берешек болып саналады және курстан курсқа көшкенде оның GRA көшіру балын анықтаған кезде ескеріледі.

7.19 БББ бойынша оқыту нәтижелерін тану меншікті үлгідегі дипломмен қамтамасыз етіледі, ол білім алушыға мемлекеттік комиссияның шешімі бойынша БББ барлық кредиттерін игеру және білікті бітіру жұмысын табысты қорғау нәтижесінде табысталады.

## 8 ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ

8.1 Университеттің ресурстық саясаты сапалы педагогикалық құрамды қолдауға және қамтамасыз етуге бағытталған.

8.2 Университет оқу процесіне тартылған ұстаздардың қажетті біліктіліктерін анықтайды және қамтамасыз етеді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ</b>	23 бет

8.3 Университетке педагогикалық қызметіне қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының және ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық орналастыру Қағидаларына сәйкес конкурстық негізде іске асырылады.

8.4 БББ іске асыру оқытылатын пәннің бейініне сәйкес негізгі білімі бар, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және шығармашылық қызметпен айналысатын педагогикалық мамандармен қамтамасыз етіледі.

8.5 Университет өнімді және шығармашылық жұмыс, Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының және оқыту-қосымша қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және кәсіби шеберлігі үшін жағдайды ұдайы жақсартады.

8.6 Университет өнер саласындағы жетекші білім беру ұйымдарымен тәжірибе, білім алмасу және университеттің ғылым-зерттеу және инновациялық қызметінің саласын кеңейту үшін білім беру, ғылым және шығармашылық саласында халықаралық ынтымақтастықты жан-жақты дамытады.

8.7 Университетте әрбір қызметкердің еңбегін өнегелік және материалдық марапаттау түрінде ынталандыру жүйесі бар.

## **9 БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ**

9.1 Университеттің материалдық-техникалық қоры санитарлық және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларына сәйкес келеді және аудиториялық сабақтардың, ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстың барлық түрлерін өткізуді қамтамасыз етеді.

9.2 Университет барлық қажетті ақпараттық ресурстарға еркін қолжетімдікті қамтамасыз етеді: ғаламторға қолжетімдікпен компьютерлерге, электрондық кітапханаларға, қағаз және цифрлық нысандағы басылымдарға, бейне-материалдарға.


9.3 Білім беру ресурстарына, сондай-ақ, оқу траекториясын таңдауда білім алушыларға көмек көрсететін тәлімгерлер, эдвайзерлер де жатады.

9.4 Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет білім алушыларға келесілерде қолдау көрсетеді:

- оқу жағдайына және білім беру процесіне бейімделуде;
- дайындық бағытын таңдауда;
- академиялық сипаттағы сұрақтар пайда болуында;
- тәжірибе орнын таңдауда;
- жұмысқа орналастыруда.

9.5 Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет студенттерге орталықтанған оқытуды назарға ала отырып, білім алушылардың түрлі топтарының қажеттіліктерін ескереді.



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША          НҮСҚАУЛЫҚ</b>	24 бет

9.6 Университетте түлектердің қажеттіліктері ұдайы зерттеледі, олардың жұмысқа орналасуы қадағаланады және түлекпен, жұмыс берушімен үздіксіз байланыс қамтамасыз етіледі.

9.7 Университет әкімшілік-басқару қызметкерлеріне кәсіби өсуіне және біліктілігін арттыруына мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, олардың біліктілігіне үлкен назар аударады.

## 10 АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

10.1 Тиімді басқару үшін Университет қажетті ақпаратты жинауды және талдауды қамтамасыз етеді.

10.2 Университетте пайдаланушыларды сапалы ақпаратпен уақытылы қамтамасыз ететін, оқу процесін басқарудың Platonus ААЖ, корпоративтік пошта жүйесі (@kaznu.kz), Ирбис-64 электрондық кітапханасында ақпарат іздеу жүйесі қызмет етеді. Ғаламтор желісінде ақпараттық серверді басқарудың Content Tools жүйесі енгізілуде, оған электрондық құжат алмасу, білім беру контенті, тіркеуші офис, Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының жеке кабиенттері, электрондық кітапхана, т.б. кіреді.

10.3 Білім алушылардың контингенті, олардың үлгерім деңгейі, жұмысқа орналасуы туралы деректер Ұлттық білім беру дерекқорында ашық қолжетімді, сондай-ақ, Platonus ААЖ жүйесінен табуға болады. Сонымен қатар, Platonus ААЖ білім алушылардың оқу процесіне, БББ мазмұнына қанағаттанушылығын анықтау үшін сауалнама өткізуге мүмкіндік береді.

10.4 Университет бірнеше келесі санаттар бойынша түлектердің жұмысқа орналасуын қадағалайды:

- Жұмысқа орналасу пайызы;
- Түлектер жұмыс істейтін өңірлер;
- Жұмыс берушілердің түлектердің кәсіби біліктілігіне қанағаттанушылығы.


10.5 Ақпарат жинаудың нәтижелері бойынша жыл сайын ақпаратты талдау өткізіледі, бұл Университеттің қызметін жақсарту үшін түзету шараларын өткізуге мүмкіндік береді.

## 11 ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

11.1 Университет өзінің қызметі туралы ақпаратты ұдайы жариялайды.

11.2 Университеттің қызметі туралы ақпарат Университеттің kaznu.kz ресми сайтында орналастырылған.

11.3 Университеттің сайтында іске асырылатын БББ, осы бағдарламалар бойынша күтілетін оқыту нәтижесі, бағалау рәсімдері туралы барлық қажетті

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША          НҮСҚАУЛЫҚ</b>	25 бет

ақпарат және білім алушыларға, барлық қызығушылық танытқан тұлғаларға пайдалы басқа да ақпарат берілген.

11.4 Университет Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде өзінің парақтарын белсенді жүргізеді, Shabyt Channel арнасы кең қызмет етеді, ол Университеттің барлық шығармашылық және оқу іс-шараларын таратады.

11.5 Университет жұмыс берушілермен белсенді жұмыс жүргізеді, жыл сайын бос жұмыс орындар жәрмеңкесін өткізеді, бітіруші курстардың білім алушыларына Қазақстан бойынша білім беру, өнер және мәдениет мекемелеріндегі бос жұмыс орындары туралы ақпарат береді.

11.6 Жыл сайын оқу жылының басында Университет ректоры халық алдында кезекті баяндамасымен сөз сөйлейді. Баяндаманың мәтіні Университет сайтында ашық қолжетімді болады.

## **12 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАҒАЛАУ**


12.1 Университет білім беру бағдарламаларына мониторингті және кезеңді бағалауды өткізеді.

12.2 Мониторинг пен бағалаудың негізгі міндеті:

- БББ өзектілігі мен сұранысқа сай болуын растау;
- БББ мазмұнының ғылым мен өнердің соңғы жетістіктеріне, заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі;
- Білім алушылардың оқу үлгерімін, білікті бітіру жұмысының сапасын бағалау,
- БББ бойынша оқыту нәтижесінің нәтижелерін бағалау рәсімдерінің тиімділігін бағалау;
- Білім беру ортасының (профессорлық-оқытушылық құрамның, оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етудің, материалдық-техникалық қордың, білім беру процесінің субъектісі ретінде білім алушылардың зерделік және ынталандыру әлеуетінің) білім алушылардың қажеттіліктеріне және БББ мақсаттарына сәйкестігі.

12.3 Бағалау барысында білім беру нәтижелерінің сапасы анықталады, оған (біліктілік және кәсіби сипаттамалардан басқа) Университет түлектеріне сұраныстың болуы, алған білімге қанағаттанушылық, олардың қызметтегі мансабы, жұмыс берушілердің бағалауы, Университет-өндіріс байланысының болуы кіреді.

12.4 БББ өткізілген мониторингтің нәтижесінде ақпарат талданады және БББ заманауи талаптарға сәйкестікке келтіріледі.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.10.2021
	САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ	26 бет

### 13 САПАНЫ СЫРТҚЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

13.1 Білім беру саласындағы сапа кепілдігінің сыртқы рәсімдері – институционалдық және мамандандырылған болып бөлінетін, білім беру қызметі аккредитациясының рәсімдері.

13.2 Аккредитация – сапаны мемлекеттік орган емес, академиялық қоғамдастықтың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың және кәсіби бірлестіктердің өкілдерінен тұратын сараптамалық топ бағалайтын, ерекше рәсім.

Аккредитация – білім сапасын қамтамасыз етудің негізгі құралы.

13.3 Университет сапа кепілдігі мақсатында еуропалық стандарттар мен ұсыныстарға сәйкес білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық аккредитация арқылы сапаны сыртқы бағалау рәсімін ұдайы негізде (5 жылда бір) іске асырады.

13.4 Халықаралық аккредитацияны Университет халықаралық беделін және серіктестікті жақсарту құралы, сондай-ақ, отандық және шетелдік нарықта еңбекке орналасуда Университет түлектері үшін артықшылықтарды қамтамасыз ететін, шетелдік еңбек нарығымен байланыстарды нығайтатын тәсіл ретінде қарастырады.

13.5 Университеттің білім беру бағдарламаларының сапасын жетілдіру үшін халықаралық және ұлттық аккредитациялық агенттіктермен өзара әрекеттестік және институционалдық және мамандандырылған аккредитация бойынша іс-шараларды іске асыру оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың басшылық етуімен іске асырылады.

13.6 Аккредитация процесін дайындау бойынша жұмысты және оны іске асыруды бақылауды сапа менеджменті жүйесі және стратегиялық жоспарлау бөлімі іске асырады.

### 14 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14.1 Осы құжат бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

14.2 Сапаны қамтамасыз ету бойынша нұсқаулыққа өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.